

Пандемия кезеңінде арнайы мектептерде/интернаттарда/сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

1. «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу шараларын күшейту туралы» ҚР БҒМ №123 бұйрығына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша және Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің қоғамдық денсаулық сақтау Комитетінің аумақтық бөлімшелерімен келісе отырып, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға арналған (оның ішінде жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында) арнайы мектептерде/интернаттарда/сыныптарда оқу процесі 2020 жылғы 06 сәуірден бастап 22 мамырға дейін таңдау бойынша ұйымдастырылуы мүмкін:

1) *штаттық режимінде;*

2) *қашықтық режимінде.*

2. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы мектептерде/интернаттарда/сыныптарда *штаттық режимдегі* оқу процесі (оның ішінде жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін) сыртқы байланыстары максималды шектеліп және санитарлық-эпидемиологиялық талаптар қатаң сақтала отырып, жүзеге асырылады. Жиналыстардың, отырыстардың, кездесулердің өткізілуі азайтылады немесе селекторлық режимде өтеді.

3. Қашықтық режимінде оқу процесі белгіленген оқу жүктемесіне, оқу жоспарына, сабақ кестесіне, оқу бағдарламаларына сәйкес ұйымдастырылып, олардың мазмұны, білім алушылардың өз бетінше жұмыс жасау мүмкіндіктері ескеріле отырып, бейімделуі мүмкін.

4. Арнайы мектептерде/интернаттарда/сыныптарда (көру қабілетінің, есту қабілетінің, тірек-қозғалыс аппаратының, сөйлеу тілінің бұзылымдары бар, психикалық дамуының, зиятының тежелісі бар білім алушылар үшін) оқу процесін *қашықтық режимінде* ұйымдастыру тәртібі «Пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуын алдын алу мақсатында, орта білім беру ұйымдарында оқу процесін қашықтан оқыту технологиялары негізінде ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарына» сәйкес, түрлі категориядағы арнайы білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу ақпаратын қабылдау ерекшеліктері ескеріле отырып, арнайы технологияларды, тәсілдер мен әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

5. Арнайы мектептердің/интернаттардың/сыныптардың мұғалімдері мен әдіскерлері үй жағдайында өзіндік жұмысты ұйымдастырулары үшін, қажет болған жағдайда оқу пәнінің әр тақырыбы бойынша оқу тапсырмаларының түрлі деңгейлі жүйесін дайындаулары керек.

6. Зияттық бұзылымдары, психикалық дамуының тежелісі бар білім алушылар үшін түрлі деңгейлі жаттығулар мен тапсырмалар түзеу педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының <http://special-edu.kz/> сайтында берілген оқулықтар мен жұмыс дәптерлерінде келтірілген.

7. Зияттық бұзылымдары бар (ақыл-ой кемістігі бар) балаларға арналған арнайы мектептер/интернаттар/сыныптар мұғалімдеріне нақты сынып оқушыларының меңгеру ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып күнтізбелік-тақырыптық жоспар құру, жаңа тақырыптар мен бөлімдерді азайту ұсынылады.

8. Зияттық бұзылымдары бар (ақыл-ой кемістігі бар) білім алушылар үшін, үй жағдайында орындауға болатын практикалық бағыт сипатындағы тапсырмалар ұсынылады, оларға үйде және аулада ата-аналарына қолдан келгенше көмек беретін шаруашылық, тұрмыстық жұмыстар кіреді. Мұндай тапсырмаларды оқу тапсырмалары ретінде есептеп, оқушыларды дербестігі, ынтасы және сапалы орындауы үшін мадақтау қажет. Кері байланысты смартфондар көмегімен бейне есептер арқылы жүзеге асыруға болады.

9. Зияттық бұзылымдары бар төменгі сынып оқушылары үшін түсіндірулер мен ауызша нұсқаулар қысқа, анық, көп сөзді емес болуы керек. Мұғалім сыныптағы оқушылардың құрамын ескере отырып, оқу материалын түсіндіру үшін сөйлеу материалын алдын-ала таңдауы қажет. Сонымен бірге, мұғалім шамадан тыс қарапайым тіл оқушылардың дамуына ықпал етпейтінін, еліктеудің жағымды үлгісіне айналмайтындығын ұмытпауы керек. Ауызша түсіндірулер көрнекі мысалмен бекіту: иллюстрациямен, видеосюжетпен немесе тапсырманың үлгілік жазбасымен. Қашықтағы тапсырмаларды сөздік және көрнекі материалдармен жүктемеу. Бастауыш сынып оқушыларының жұмыс қабілеті төмен екенін есте ұстау. Оқушылармен және олардың ата-аналарымен кері байланыс жасай отырып, іс-әрекеттің түрлерін, оқушының орындаған ерекше жақсы дағдыларын міндетті түрде айтып отыру.

10. Зияттық бұзылымдары бар жоғарғы сынып оқушылары үшін жұмыстың неғұрлым күрделі түрлері ұсынылады, мұнда балалардың біразы өз бетінше жұмыс істей алатындығы ескеріледі. Сонымен бірге, оқу тапсырмаларын жақсы орындаулары үшін көмек түрлерін ойластырған жөн. Мұндай көмек түрлеріне немесе тіректерге мұғалімнің көрсетілімдері, сызбалар, иллюстрациялар, видеосюжеттер жатады. Тапсырмалардың тек білімдік ғана емес, сонымен бірге дамытушылық бағыты болуы үшін, салыстыру, себеп-салдарлық байланыстарды құру, қарапайым қорытулар, тұжырымдамалар құруға арналған тапсырмалар мен жаттығулар нұсқаларын қарастыру қажет. Суреттер, сызбалар орындауды, қаралған видеосюжеттер нәтижелері бойынша кесте толтыруды, ауа-райын, табиғи құбылыстарды бақылауды қажет ететін тапсырмалар пайдалы.

11. Психикалық дамуы тежелген оқушылар назарының тұрақсыздығымен, жұмыс қабілетінің төмендігімен, ырықсыздығымен, белсенділігінің жеткіліксіздігімен, сөйлеу тілінің әлсіздігімен сипатталады. Бұл ерекшеліктерді мұғалім, тапсырмаларды және олардың санын, көлемін және күрделілігін таңдау және қарастырылып отырған категориядағы білім алушылар үшін орындау тәсілін таңдау барысында, ескеруі қажет. Оқушылардың тапсырмаларды сәтті орындауын қамтамасыз ету үшін, кезеңдік нұсқаулар, алгоритмдік ұйғарымдар, жоспарлардың әртүрлі түрлері (суреттік, пиктографиялық, ауызша), көрнекі үлгілер мұқият ойластырылуы керек. Қажет болған жағдайда бір тапсырманы бірнеше құрамдас бөліктерге бөлуге болады. Біліктілік мен дағдыларды нығайту және дамыту жаттығуларының саны жеткілікті, әртүрлі және практикалық өмірлік жағдайлармен байланысты болуы керек, бұлар түсінуді жеңілдетеді және мотивацияны демейді.

Және де тапсырмалар жеткіліксіз қалыптасқан функциялардың дамуына ықпал етуі керек, мысалы, кеңістіктік ұғымдарды, фонематикалық талдау мен синтезді, ұсақ моториканы, көру-қимылдық үйлесімді. Оқу іс-әрекетінің құрылымдық компоненттерін дамытуға және жетілдіруге назар аудару: жұмысты жоспарлау, ағымдық және қорытынды өзіндік бақылау, өз жұмысын үлгімен салыстыру, өз қателіктерін табу және түзету.

12. Көрмейтін және нашар көретін оқушыларға арналған тапсырмаларды бірнеше талдауыштарына бір мезгілде (көру-қозғалыстық, тактильдік, есту-тілдік) әсер етілуін ескере отырып таңдау ұсынылады. Нашар көретін білім алушылар үшін ТП ҰҒПО <http://special-edu.kz/> сайтында берілген оқулықтар, жұмыс дәптерлері және жазу үлгілері берілген (соның ішінде жүктеу функциясымен). Нашар көретіндер үшін дидактикалық материалдар саны, олардың түстік қанықтығы және түстік кереғарлығы, фондық берілуі мен өлшемі, ракурсы тифлопедагогикалық талаптары ескеріле отырып ұсынылады, жазу барысында тура және қиғаш жазу қолданылады. Нашар көретін және қалдық көруі бар баланың үздіксіз көру жүктемесі жасы мен көру деңгейіне қарай 7-12 минуттан аспауы керек.

13. Көрмейтін білім алушылар үшін мүмкіндігінше экранға кіру бағдарламасы және сөйлеу синтезі бар, немесе видеосабақтар, ата-аналар үшін кеңестік сабақтар өткізуге мүмкіндік беретін, қолжетімді интернет-платформалары бар электронды тасымалдаушылар (компьютер, ноутбук) қолдану қажет.

14. «Ел арна» және «Балапан» телеканалдарындағы инварианттық компонентті сабақтар есту қабілетінің бұзылымдары бар балалар үшін ымдау тілінің міндетті қоса жүруімен беріледі. Естімейтін және нашар еститіндерді оқыту барысында аса маңызды: бір ойды түрлі тұжырымдамада беру, күрделі нұсқауларды/сөйлемдерді қарапайымға ауыстыру, оларды бөліктерге бөлу, сөздік, жазулық және графикалық тілдің көмегімен ойды білдірудің вариативтік формаларын қолдану ептілігі; ымдау тілі мен дактилологияны қолдану, визуалды модельдер мен суреттер, тірек әрекеттері (алгоритмдер, пиктограммалар және т.б.) кіретін қосымша визуалдық қолдауды қолдану.

15. Есту қабілетінің бұзылымдары бар балаларды үй жағдайында оқыту барысында оқушы ересек адамның сөйлеу тілін естіп-көріп қабылдауы үшін оның бет-әлпетін анық көруі керек.

Сөйлеу тілінің барлық аспектілері мен түрлерін (ауызша және жазбаша) дамытуға, сөйлеу тілін естіп-көріп қабылдауға үйретуге, коммуникацияның әр түрін қолдануға назар аудару қажет. Тапсырмаларды жеке режимде орындау, арнайы техникалық және компенсаторлық оқу құралдарын пайдалану, ата-аналарға видео-кеңес өткізу ұсынылады.

16. Тілдік бұзылымдары бар балалар үшін тілдік бұзылымының түріне байланысты сөйлеу тілінің режимін сақтау ұсынылады. Сөйлеу тілі мен жаңа терминдерді белгілі реттілікпен дамыту жұмысына назар аудару қажет: мағынасын түсіндіру, дұрыс айту жаттығулары, тілдік эквиваленттерді таңдау (синонимдерді, антагонисттерді), сөз формаларымен жұмыс, көп мәнділікпен жұмыс, есте сақтау тәсілдерін жүргізу (мнемотехника). Оқушыға қол жетімді және түсінікті нұсқауларды қолдану (жеңілдетілген, қысқа, бөлшектенген). Ересектердің сөйлеу тілі білім алушылардың тілдік статусына сәйкес болуы керек.

Білім алушылардың тілдік бұзылымдары моторлық бұзылымдармен (артикуляциялық моторика, қолдың ұсақ моторикасы) және жекеленген психикалық функцияларының қалыптасу тежелісімен бірге жүреді, бұл оқу әрекетінің ерекшеліктерін шарттайды және оқыту барысында ескеруді талап етеді.

Тілдік бұзылымдары бар оқушыға қойылған сұраққа бірден жауап беру қиынға соғады, оған жауап беруге дайындалу үшін уақыт қажет, ол өз кезегінде, сөйлеу аппаратының белгілі бір түзетуін қажет етеді (тыныс алуды дайындау, дауысты ерікті түрде қосу, болуы мүмкін ықтиярсыз қимылдарды жеңу және т.б.).

17. Тілдік бұзылымдары бар балаларға арналған мектептің бастауыш сынып мұғалімдері дұрыс сөйлеуді жетілдіруге, фонематикалық естуді дамытуға, дыбыстық талдаудың негіздерін қалыптастыруға, сөздік қорын нақтылауға және байытуға, тілдің грамматикалық құралдарын практикалық тұрғыда игертуге, сөйлеу барысында кездесетін грамматикалық кемшіліктерді анықтап, жеңуге уақыт бөлуі керек.

18. Қашықтан оқытуды ұйымдастыруда мұғалімдер үшін ерекше қиыншылық келтіретін оқушылар – айтылуы ұқсас дыбыстарды саралаудың жеткіліксіздігіне байланысты, жазбаша тілінде қателіктер жіберетіндер. Бұл жағдайларда, сөзді естіген және көрнекі бейнелермен салыстыруға қажетті фонемалық естуін, естіп қабылдауын және ойлау операцияларын дамытуға ерекше назар аудару керек. Дисрографиялық және орфографиялық қателердің алдын алу үшін, оқушылар жұмыстарының барлық түрлерін тиісті тілдік талдау түрлерімен (фонетикалық, морфемалық, морфологиялық және сөзжасамдық) бірге жүргізу керек.

19. Тілдік бұзылымдары бар балаларды оқыту барысында оқытудың арнайы әдістерін, тәсілдерін және құралдарын қолдану қажет, соның ішінде тілдік процестерге және ілеспе бұзылымдарға түзетуші әсер беретін компьютерлік технологияларын, дидактикалық құралдарды, визуалдық құралдарды.

20. Тілдік бұзылымдары бар білім алушылармен онлайн режимінде жұмыс жүргізу барысында динамика, қозғалыс жағдайындағы (тәжірибелерді, видеофильмерді, іс-қимыл үлгісін, жұмыс механизмдерін) нысандарды көрсету кезінде ескеру қажет:

- балалардың осы категориясында кездесетін көру-моторлық үйлесімінің болмауын;

- оқушылардың өзіндік жұмысын ынталандырып, көрсетілімді түсіндірумен бірге жүргізу;

- видео-сабақта көрнекі құралдарды көп пайдаланбау, қажет болған жағдайда оларды 3-4 топқа топтастыру;

- көрнекі құралдарды пайдалануды міндетті түрде егжей-тегжейлі және түсінікті түсініктемелермен үйлестіру.

Дыбыс құралдарын 3-5 минуттан артық пайдаланбау, өйткені сөйлеу тілі бұзылған балалар үшін сөйлеген адамды көрмей, сөзді мұқият тыңдау қиынға соғады.

Педагог тілдік бұзылымның ерекшеліктерін ескере отырып, барабар коммуникативтік стратегия мен тактиканы таңдап, қолданады.

Сөйлемейтін балалар үшін ауызша сөйлеуді алмастыратын байланыстың балама әдістерін қолдануға болады (белгілерді, ымдарды, графикалық символдарды, суреттерді).

21. Тілдік бұзылымдары бар балаларды қашықтан оқыту келесі формаларда жүргізіледі: балалар мен ата-аналарға жекелік кеңес, бірлескен жекелік және топтық сабақтар.

22. Тірек-қозғалыс аппаратының бұзылымдары бар балалар үшін қорғаныс режимін іске асыру мақсатында әс-әрекет түрлерін динамикалық алмастыру ұсынылады. Оқу орны білім алушының кеңістіктегі ең қолайлы жағдайын және қимыл жасау мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек. Үй жағдайында қолда бар арнайы техникалық, компенсаторлық және көмекші құралдарға сүйену керек.

23. Тірек-қозғалыс аппаратының бұзылымдары бар балаларға арналған арнайы мектептер/интернаттар/сыныптар мұғалімдері сабақтарды оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес өткізеді. Оқыту оқушылардың операциялық-әрекеттік мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастырылуы қажет.

Оқушылардың қимыл-қозғалыстық, тілдік, танымдық және әлеуметтік-тұлғалық ерекшеліктерін түзету бойынша атаулы көмек көрсетіледі.

24. Аутистік спектрінің бұзылымдары (АСБ) бар балалармен өткізетін сабақтардың өзгешеліктері болады, бұл олардың эмоционалдық-еріктік саласының, зейіндік бұзылымдарымен байланысты келеді, соның нәтижесінде баланың компьютердің алдында ұзақ уақыт отыруы, мұғаліммен (басқа маманмен) байланысуы мүмкін болмайды.

АСБ бар білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен бірлескен зейіннің, стереотиптік мінез-құлықтың қиындықтарына байланысты бала жаңа білім беру формасына бейімделіп, қашықтан оқыту формалары арқылы мұғаліммен байланыс орната алмайды және ұзақ уақыт бойы онлайн байланыста бола алмайды.

25. АСБ бар білім алушыларды қашықтан оқыту әдісі баланы сабаққа пропедевтикалық кезенді ұйымдастыру арқылы біртіндеп қосуды қарастырады, қысқа уақытты (10-15 минут) 2-3 жеке онлайн сабақтарды қамтиды, кейіннен уақытты мөлшерлі өсіре отырып. Педагог балаға осы оқыту түріне көшудің себептерін қысқаша және нақты түсіндіреді және оны мектепке оралатынына сендіреді. Бала орындайтын бір тапсырманы береді, қателерімен жұмыс жасайды, чатты қолдануды үйретеді. Отбасы мүшелерінің, сыныптастарының мүмкіндіктері пайдаланылады, бала әртүрлі интернет-ресурстар (WhatsApp видео қоңырау, Skype- кездесу) арқылы олармен қарым-қатынас жасауға үйренеді.

26. АСБ бар балаларды оқыту «Айтыңыз – Көрсетіңіз - Жасаңыз - Тексеріңіз» қағидасына негізделеді. Айтыңыз: бұл дегеніміз, алдымен балаға оны не үшін және қалай оқытатындарыңыз жайлы айту. Көрсетіңіз: бұл іс жүзінде қалай жүзеге асырылатынын көрсету. Жасаңыз: баладан іс-әрекетті көрсетуді сұрау. Тексеріңіз: баланың сабақты қаншалықты меңгергендігін тексеру.

27. АСБ бар білім алушыларды қашықтан оқытуды келесі формаларда жүзеге асыруға болады: жекелік кеңестік онлайн-сабақтар, WhatsApp арқылы жеке тапсырмалар, бірлескен онлайн сабақтар, кішітоптық онлайн-кеңестер, үй тапсырмаларын бірлесе орындау үшін оқушыға онлайн-қамқорлық (толеранттық), баланың ата-аналары үшін қолдау семинарлары (үй тапсырмаларын орындау жолдары мен мүмкіндіктерін түсіндіру және нақтылау, сұрақтарға жауап беру), уәждемелік хабарламалар. Қажет болған жағдайда, қашықтан оқыту жекелендіріледі.

28. Түзету компонентінің пәндері бойынша оқу жоспарларында күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар құрылады және балалар мен отбасылардың жеке

ерекшеліктері мен мүмкіндіктері ескеріле отырып, білім алушылардың ата-аналарымен бірлесе атқаратын іс-әрекетінің мазмұны анықталады. Ата-аналарға компенсаторлық-дамытушылық жаттығулардың орындалуы жөнінде кеңес беріледі.

29. Арнайы мектепте / мектеп-интернатта / сыныпта төртінші тоқсанда бір БСБ, оқу жылының соңында СТБ өткізіліп, электронды журнал базасына енгізіледі, электронды журнал болмаған жағдайда - мұғалімнің уақытша журналында жазылады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың жетістіктері бес балдық шкала бойынша бағаланады. Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың жетістіктерін бағалау кезінде жеке оқу жоспарының мазмұнына қарай критериалды сипаттамалық бағалау қолданылады.

30. Түзету компонентінің пәндері бойынша балдық баға қойылмайды (бағалау сипаттамалық тұрғыда болады).

31. Арнайы дидактикалық материалдар мен білім алушыларға сараланған тәсілдерді қолдана отырып мектептегі шағын сабақтардың бейнежазбасы ұйымдастырылады; оқушылардың үй жағдайында оқу тапсырмаларын жүйелі және сәтті орындауына мониторинг жасау мақсатында кері байланыс тәсілдері белгіленеді; оқушылардың психосоматикалық денсаулығын ескере отырып, оқу тапсырмаларын орындауының, демалысы мен физикалық белсенділігінің уақытын белгілеу үшін, ата-аналарға денсаулық сақтау режимін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар дайындалады. Оқушылар мен ата-аналарға карантин кезеңіндегі жеке гигиенаның маңыздылығы және адамдармен байланысын шектеу туралы ақпарат беріледі.

32. Оқу процесінің қашықтан ұйымдастырылуына байланысты оқушыларға оқу материалдарының қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін, бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдеріне 4 тоқсанның жоспарларына өзгерістер енгізу ұсынылады.

33. Үйде оқитын ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін, қашықтан оқытуға көшуге байланысты жеке оқу жоспарларына сәйкес түзетулер енгізуге болатын оқу тапсырмалары орындау тәсілдері көрсетілген тиісті нұсқаулықтармен бірге ата-аналарына беріледі.